

ҚАЗАҚТАРДАҒЫ НЕКЕ ҚИЮ РӘСІМІ

Адамзат тарихында некелесу мен отбасының көптеген түрлері болған, олардың көп түрі жойылған, кейбірі бірте-бірте жоғалып келе жатыр. Жер жүзінің халқының негізгі басым бөлігі *моногамды* (бір ердің бір әйелмен некеге тұруы) неке құрып тұрады. Азия және Африканың кейбір елдерінде көп әйел алушылық – *полигамиялы*, Оңтүстік Үндістан мен Непалдың кейбір тайпаларында, Орталық Америкадағы гарибтерде көп күйеулі болушылық – *полиандриялы*, магасиялықтар, бантулар, арабтар, өзбектер, туагерлер, т.б халықтар арасында өз руының, тайпасының ішінде туыстық некелесу – *эндогамиялы* неке сақталған. Өзімен рулас адамдармен емес, басқа рудың, тайпаның өкілдерімен некелесу, туыстық некелесуге тиым салу – *экзогамия* некелесудің жетілген құбылысы. Эндогамиялық некенің ұрпақ генефонының бұзылуына әсері бары бұл күнде дәлелденген қағида екені рас (грузиндер мен армяндар 9 атаға, қырғыздар 4 атаға, қазақтар 7 атаға дейін қыз алыспайды). Шариғат некесінің мұсылмандар арасында *үш түрі* кездеседі, бұл *тұрақты неке*, Имам Ағзам қағидасы заңсыз деп танитын *уақытша неке* және күндерімен некелесетін *кәнізәк неке*.

Отау тігетін екі жастың одағын бекіту дәстүрі - *неке қию* (араб тілінде *никаһ*) деп аталады. Қазақтар арасында неке қию рәсімі ислам дінін қабылдағаннан бері белгілі, некелескенге дейін күйеу жігіт қалыңдық ауылына бірнеше рет «*ұрын барады*» барады. Күйеу жігіттің «*ұрын келу*» тойы кейде 10 күнге дейін жалғасқан. Күйеу жігіттің ұрын келуі оның қалыңдығымен жақын танысып, бір-бірімен көңілдерінің жарасып кетуіне негіз болады. Неке қию қыз ұзату тойы барысында қыз әкесінің ауылында орындалады, рәсім құда түскен уақыттан 2-3 жылдан кейін де болуы мүмкін, қыз әкесі қыздың ұзатылу уақытын қалың малы толық төленіп біткенде белгілейді. Жастардан отау құруға деген келісімі неке қию кезінде сұралады.

Байырғы қазақ қоғамында неке қиюға молданы қыздың әке-шешесі шақырған. Некеқияр рәсімі қалыңдықты аттандырар күннің алдында «*қыз қашар*» немесе «*тартыс*» ритуалдық дәстүрлі ойынынан кейін кешкісін жасалады. Неке қию әдетте осы ойын-ауық құрылған «*болыс*» үйде, яғни қыз әкесінің ағайындарының бірінің үйінде орындалған. Неке қиылғаннан кейін жас жұбайларды отау үйге апарған, алғашқы түнді өткізу де қыз әкесі ауылында орындалған.

Қазақтар арасында ертеден келе жатқан некелесудің шарттары болды. Қазақтың әдеттік құқығы, дәстүрі бойынша жеті атаға дейін қыз алыспайды. Мұның өзі, біріншіден, некеге тұрудағы қан тазалығын, тектілікті сақтау қажеттілігінен туындаса, екіншіден, екі рулы елдің бір-бірімен құдандалы-жекжат болуы қазақ арасындағы тыныштықтың бұзылмай, татулықтың орнауына септігін тигізген. Мысалы, Сыр өңіріндегі Матай-төртқараның Апыр, Берсей, Сарықұл, Қойбағар тармағынан тарағандар бір-бірімен қыз алыспайды; Қыпшақтардан – Бұлтың, Күсілбас, Жасыбай; Шаштыдан – Шағыр, Шебір, Айдарғазы, Малай, Құтым, Бошай; Тұяқтыдан – Соқпан,

Әлке, Досан, Қозы, Тұяқ; Түйішкеден – Сары, Қара, Қонақбай, Кеншім, Баян, Танат, Пірім; Қоңыраттардан – Саңғыл, Маңғытай; Бес Есенбай табыннан – Көшей, Жақап, Жәмәнтік, Дуана, Қырық, Өмірқұл; Теке табындардан – Бөдік, Тоқберлі ру тармақтары бір-бірімен қыз алыспайды. Шөмішті табынның Бозымынан Асан, Тоқсиық, Тоқсиықтан Есенбай мен Барлыбай ру тармақтары тарап, олар өсіп-өніп, тұқымы көбейген соң, енші алысып, іргесі айырылып, қыз алысып кеткен. Қыпшақтардан Абыз бен көзей 19 ғасырдың 70-80-жылдарынан бастап, Табыннан Әжім мен Боқайлар 20 ғасырдың 60 жылдарынан бастап, 7 ата өткесін қазіргі уақытта қыз алысып кеткен.

Қыз алыспайтын рулар арасынан некелесеміз дегендерге 72 ден 90-ға дейін дүре соғылып, бүкіл халық беттеріне түкірген, халықтың теріс айналуы жазаның ең ауыры саналған. Жеті атадан аспай қыз алу *«қан араластырушылық»* деп танылып, өлім жазасына кесілген, егер, бұл үкім отбасылары кешірім бергенде дүре соғумен ауыстырылған. 90 дүренің ауырлығынан жан тапсыруы да мүмкін болған. Заңсыз некеге куә болғандарға 30 дан 70-ке дейін, заңсыз некені қиған молданы лауазымынан айырып, 75 тен 90-ға дейін дүре соққан. Қазақтың дәстүрі мен құқығында өгей шешеге, шешенің туған сіңілісіне, асыранды қызға, келінге, атасына, енеге үйленуге болмайды. Сондай-ақ, еркек әйелінің көзі тірісінде балдызына, қайынбикесіне, қайнағасының қызына үйлене алмайды.

.....Қазіргі кезеңде заңды некені ислам жолымен, яғни неке қию арқылы бекіту дәстүрлері қайта жаңғырып, бұл рәсім мешітте орындалуда. Байырғы дәстүр бойынша қызын күндіз ұзатып, қыз әкесі мешітке еріп барып, некесін қидырып барып жолға шығарып салып жүрген отбасылар қазіргі таңда ел арасында сирек болса да барына өзім куә болғаным бар.

Қазақ халқының неке қию рәсіміндегі ұлттық, этникалық ерекшеліктер әдеттік құқықтық нормалардың неке-отбасылық талаптарынан, некелесу жасынан, неке қию шарттарынан көрінді. Неке қию рәсімінің атқарылуының қазақ жерінің әр өңірінде орын алған аймақтық ерекшеліктерінің болуымен қатар, барлық өңірге ортақ қазақы ритуалдар да болды. Қазақ халқының неке қию дәстүрінің кейбір шарттары XX ғасырдың бас кезінен бастап өзгерген, мысалы, неке қию рәсімінің қыз ауылында өтуі, неке қию рәсімінде «куәлер жырының» айтылуы қолданыстан шығып қалған. Қазақтардағы неке қиюдағы ғұрыптық рәсімдер жүйесі наным-сенімдер жүйесімен астасып жатты.

Неке қию ерлі-зайыптылардың одағына ізгілік, тұрақтылық, беріктің, татулықты орнатуға міндеттейтін, олардың отбасындағы құқықтары мен міндеттерін белгілейтін, өмірге ұрпақ әкеліп, балаларын мейірімділікпен тәрбиелеуге бағыттайтын ізгі шара.

Тәттігүл Картаева
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

*профессоры міндетін атқарушы,
тарих ғылымдарының кандидаты*